

**М.Д. Каражанов, А.Ж. Сыздықов, А.Д. Сулейменова**

*Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық*

*Қазақстан, Астана*

*(e-mail: karazanov\_1982@mail.ru)*

## **Адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықты қорғау мәселесіне**

**Аннотация.** Мақалада адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру мен қорғаудың өзекті мәселелері ашылған. Қазақстан бірқатар халықаралық экологиялық келісімдердің қатысушысы ретінде тұрақты және қауіпсіз қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін халықаралық құқықты ұлттық құқықтық жүйеге біріктіру бойынша маңызды қадамдар жасады.

Азаматтардың экологиялық жағдай туралы ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын неғұрлым толық іске асыру үшін ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, оның ішінде қоғамдық экологиялық бақылауға азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету және табиғи ресурстарды сақтау процестеріне, қоршаған ортаны қорғауға қоғамдық ықпалды күшейту бөлігінде одан әрі шаралар қабылдау қажет.

**Түйін сөздер:** құқықтарды қорғау, қолайлы қоршаған ортаға құқық, экологиялық-құқықтық реттеу, экологиялық құқықтар, ұлттық құқық, халықаралық құқық.

**М.Д. Каражанов, А.Ж. Сыздықов, А.Д. Сулейменова**

*Национальный центр по правам человека*

*Казахстан, Астана*

*(e-mail: karazanov\_1982@mail.ru)*

## **К вопросу о защите прав на благоприятную для жизни и здоровья человека окружающую среду**

**Аннотация.** В статье раскрыты актуальные вопросы реализации и защиты права на благоприятную для жизни и здоровья человека окружающую среду. Казахстан как участник международных экологических конвенций и договоров, провел дальнейшую интеграцию норм международного права в национальное право, тем самым обеспечил правовую основу устойчивой и безопасной окружающей среды.

Для более полной реализации прав граждан на информацию о состоянии окружающей среды необходимо предпринять дальнейшие шаги по приведению национального законодательства в соответствие с международными стандартами, в том числе в части обеспечения участия граждан в части обеспечения участия граждан в общественном экологическом контроле и усилению влияния общественности на процессы сохранения природных ресурсов.

**Ключевые слова:** защита прав, право на благоприятную окружающую среду, эколого-правовое регулирование, экологические права, национальное право, международное право.

**M.D. Karazhanov, A.Zh. Syzdykov, A.D. Suleimenova**

*National Center for Human Rights*

*Kazakhstan, Astana*

*(e-mail: karazanov\_1982@mail.ru)*

## **On the issue of protecting the rights to an environment favorable for human life and health**

**Abstract.** The article reveals current issues of implementation and protection of the right to a favorable environment for human life and health. Kazakhstan, as a participant in international environmental conventions and treaties, has further integrated the norms of international law into national law, thereby providing a legal basis for a sustainable and safe environment.

For a more complete implementation of citizens' rights to information about the state of the environment, it is necessary to take further steps to bring national legislation into line with international standards, including in terms of

ensuring the participation of citizens in public environmental control and strengthening the influence of the public on the processes of preserving natural resources.

**Key words:** protection of rights, right to a favorable environment, environmental legal regulation, environmental rights, national law, international law.

**Кіріспе.** Адам және азаматтың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқығы – базалық құқық және қауіпсіз қоршаған ортаны қолдау жөніндегі мемлекеттік және халықаралық міндеттемелерді білдіретін адамның негізгі құқықтарының бірі болып табылады.

Қазір барлық елдер қоршаған ортаның нашарлауы мен климаттың өзгеруін адам құқықтарының өзара байланысты дағдарыстары ретінде анық мойындайды.

Біздің еліміз қатысушысы болып табылатын Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның негізгі конвенциясы, Париж келісімі, Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы конвенциясы (Орхус конвенциясы), экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды тұрақты басқаруға және климаттық әсерді азайтуға бағытталған нақты міндеттемелерді қамтиды.

Зерттеу Орхус конвенциясының ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі, қоғамның шешімдер қабылдауға қатысуы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша сот төрелігіне қолжетімділігі бойынша міндеттемелерінің орындалуын егжей-тегжейлі қарастырады.

**Зерттеу әдістері.** Мақала жазу барысында жалпы ғылыми әдістер жан-жақты қолданылды, сонымен қатар социологиялық әдістер де пайдаланылған.

Талдау мен синтез әдістері - адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру және қорғау барысында отандық және халықаралық құқық нормаларын зерттеу барысында қолданылды.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс – отандық және халықаралық конвенция нормаларының сәйкестігі «Орхус конвенциясы бойынша ақпаратқа қол

жеткізу, қоғамның шешімдер қабылдауға қатысуы және қоршаған орта мәселелері бойынша сот төрелігіне қолжетімділік» [1] бойынша міндеттемелердің орындалуын анықтағанда пайдаланылды.

Ел тұрғындарының экологиялық жағдай мен құқықтарды қорғау әдістері туралы хабардар болу деңгейін зерттеу үшін ақпарат жинаудың сандық әдісі – респонденттердің онлайн сауалнамасын толтыру арқылы сауалнаманы пайдалана отырып, жаппай сауалнама жүргізілді. Бұл әдіс ел тұрғындарының климаттың өзгеруі, салдары және климаттың өзгеруіне бейімделу туралы хабардар болу деңгейінің объективті түрде алуға мүмкіндік берді.

#### **Талқылау.**

Азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабының 1-тармағында: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды», - делінген [2].

«Тарихқа үнілсек, бұл құқық заңды категория ретінде алғаш рет 1978 жылы Испания Конституциясында жарияланып, посткеңестік мемлекеттердің конституцияларында кеңінен тараған болатын» [3].

Бұл конституциялық ереже Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде одан әрі дамыды, мұнда 13-бапта «әркімнің қолайлы қоршаған ортаға құқығы бар тікелей көрсетілген» [4].

Қолайлы қоршаған ортаға құқық мемлекеттің (мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың), барлық заңды және жеке тұлғалардың табиғи ортаны сақтау және қалпына келтіру бойынша барлық мүмкін болатын шараларды қабылдау міндетіне сәйкес келетінін атап өткен жөн.

2000 жылы Орхус конвенциясын ратификациялай отырып, Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамаға қоршаған ортаны қорғау саласындағы ашықтықты,

қоғамның қатысуын және азаматтар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ететін нормаларды енгізуге міндеттенді.

Конвенция бойынша қабылданған міндеттемелерге қарамастан, елде қоршаған ортаның жай-күйі, экологиялық қауіптер, табиғатқа әсері, сондай-ақ экологиялық маңызды жобаларды жүзеге асыру жоспарлары туралы ақпаратқа қол жеткізуде кейбір мәселелер бар.

Азаматтар мен табиғатты қорғау ұйымдарының ақпараттық сұрауларына уақтылы немесе толық жауап берілмейді. Бұл қоғамдық бақылауды жүзеге асыруды қиындатады, өйткені объективті және өзекті ақпаратсыз экологиялық жағдайға әсер ету дәрежесін бағалау мүмкін емес.

Мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіру жөніндегі міндеттері ұлттық заңнаманың және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық құқықтық актілердің ережелерінен туындайды.

Осындай маңызды халықаралық құжаттардың бірі қатысушы елдерге ақпаратқа белсенді қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді жүктейтін Орхус конвенциясы болып табылады: жұртшылықты экологиялық маңызы бар шешімдер қабылдау процесіне, мемлекеттік экологиялық саясатты, бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеуге тарту; экологиялық мәселелер бойынша халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдарды қолдау міндеттемелерін жүктейді [5, 102 б.].

Конвенция Қоршаған орта жөніндегі Стокгольм декларациясының, Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио декларациясының, Табиғаттың Дүниежүзілік Хартиясы туралы Бас Ассамблеяның қарарының және Салауатты қоршаған орта Хартиясының қағидаттарына негізделген.

Конвенцияға сәйкес экологиялық мәселелер тиісті деңгейде және барлық мүдделі азаматтардың қатысуымен барынша тиімді шешіледі.

Ұлттық деңгейде әркімнің мемлекеттік органдардағы экологиялық ақпаратқа, оның ішінде қоғамдағы қауіпті заттар мен іс-әрекеттер туралы ақпаратқа, сондай-ақ шешім қабылдау процестеріне қатысу мүмкіндігіне барабар қолжетімділігі бар. Мемлекеттер сот және әкімшілік процедураларға, соның ішінде құқықтық қорғау құралдарына және құқық қорғау құралдарына тиімді қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы ақпараттың кең таралуы арқылы қоғамның хабардар болуы мен қатысуын дамытады және көтермелейді [1].

Конвенция тек қоршаған орта саласындағы келісім ғана емес, ол сонымен бірге есеп берушілік, ашықтық және үкіметтердің қоғамдық талаптарға жауап беру мәселелерін қарастырады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқығы адамның өмірі мен денсаулығынан ажырамас құқығы деп, - бекітілген» [2]. Бұл конституциялық ереже 2021 жылғы Экологиялық кодексте және 30-дан астам нормативтік құқықтық актілерде одан әрі жетілдірілді.

Экологиялық кодекстің нормаларын талдау азаматтардың экологиялық жағдай туралы ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын неғұрлым толық іске асыру үшін ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға, оның ішінде азаматтардың қоғамдық экологиялық бақылауға қатысуын қамтамасыз ету және табиғи ресурстарды сақтау процестеріне қоғамдық ықпалды күшейту бөлігінде ары қарай жетілдіруді талап етеді.

Конституцияның 38-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті [2]. Демек, қоршаған ортаны қорғау тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті.

Экологиялық кодексінің 14-тарауында көзделген «Қоғамдық экологиялық бақылау» барысында табиғатты пайдалануды жүзеге асыратын азаматтардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нақты ережелер жоқ деп есептейміз. Алайда, ол кәсіпорынның

құжаттары мен қызметімен танысу жайлы азаматтардың құқықтарының көлемін белгілемейді; қоршаған ортаны қорғауды басқаруға жататын кәсіпорындар бойынша мемлекеттік органдардың қандай субъектілерге қатысты экологиялық менеджментті жүзеге асыруы мүмкін және экологиялық бақылаудың нәтижелері қандай құқықтық салдарларға әкеп соғуы мүмкін анықталмаған боп есептеледі.

Қоғамдық экологиялық бақылаудың мемлекеттік бақылаудан айырмашылығы кеңестік сипатта болады және мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілмейді. Осыған орай, қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша ұсыныстарды орындау мәселесін де реттеу қажет деп санаймыз.

Бұл жерде, Ж.С. Елюбаевтың пікірі өзекті: «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген азаматтардың экологиялық құқықтарын азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын жүзеге асырудың нақты тәсілі ретінде қарастыруға болады. Азаматтардың экологиялық құқықтарын жүзеге асыру және олардың табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану жөніндегі міндеттерін орындауы мемлекеттік мақсатқа жетуге – адам өмірі мен денсаулығына қолайлы орта құруға ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтау мақсатына жетуде мемлекет, қоғам және жеке адамдар серіктес болуы керек. Конституцияда бекітілген құқықтар мен міндеттерді және табиғатты қорғау заңнамасының негізгі ережелерін түсіну ғана бұл мақсатқа барынша қол жеткізуді қамтамасыз ете алады», - деп көрсетеді [6].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы 2022 жылы жүргізген «Қазақстан Республикасы халқының климаттың өзгеруі туралы хабардар болуы» зерттеуіне сәйкес, Қазақстан өңірлерінің тұрғындары табиғи ресурстарды тұрақты пайдаланудың заманауи тәсілдері мен технологиялары туралы әлі де жеткіліксіз хабардар. Әдетте, азаматтардың тұрақты тәжірибелерді қолдануға ынтасы шамалы, бұл саладағы инновациялар сирек жүйелі сипатта болады. Халықтың елдің

экологиялық мәселелеріне деген қызығушылық деңгейі жоғары болғанымен, сандық ақпараттың жетіспеушілігі бар [7].

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық 2024 жылы адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру мәселесі бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізді. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің көпшілігі (70%) мемлекеттік органдар қоршаған ортаның жай-күйі туралы толық және сенімді ақпарат беруі керек екенін атап өтті, ал респонденттердің 36% мұндай ақпарат ашық қолжетімді түрде аз екенін немесе толық емес күйде берілгенін көрсетті. Респонденттердің көпшілігі экологиялық мәселелер бойынша қоғамдық шараларға қатыспаған.

Әлеуметтік зерттеулердің деректері жалпы Қазақстан жұртшылығы экология саласындағы өз құқықтарын жеткілікті түрде білмейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл экологиялық мәдениеттің төмен деңгейімен де, экологиялық ақпарат пен білімге қолжетімділіктің шектелуімен де байланысты болуы мүмкін.

Азаматтар мен уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының жеткіліксіздігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілге келіп түскен өтініштер де дәлелдейді. Мәселен, Ақмола облысы Бурабай ауданы Николаевка ауылы тұрғындарының сүйек қоймасының кеңейтілуіне байланысты құқықтарының бұзылуына, уәкілетті органдардың әрекетсіздігіне және тұрғындардың өтініштерін қараусыз қалдыруға қатысты шағымдары табылады; Ақмола облысы Бестөбе ауылының табиғат қорғау белсенділеріне қысым көрсету және қудалау шағымдары т.б.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырудың тиімді тетіктерінің жоқтығы үкіметтік емес ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарында талқыланады. Табиғатты қорғау ұйымдары мен белсенділері формальды құқықтарға ие болғанымен, экологиялық жағдайды бақылау кезінде шектеулер мен кедергілерге жиі ұшырайды [8].

Біздің ойымызша, заңдағы елеулі кемшілік тау-кен өндіру, инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік нысандар салу, энергия тұтыну және т.б. сияқты ірі экологиялық маңызы бар жобалар бойынша шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық пікірді есепке алудың нақты және міндетті рәсімдерінің жоқтығы табылады.

Конвенция ережелерінің тікелей әсер етуіне және ондағы мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін басқа себептердің қатарында экологиялық істер бойынша біркелкі сот және өзге де құқық қолдану тәжірибесінің жоқтығын атап өтуге болады.

Осылайша, Орхус конвенциясының стандарттарын сақтау комитеті «Жасыл құтқару» Экологиялық қоғамының «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» тарапынан жіберілген бұзушылықтарға байланысты мәлімдемесін қарады, ол аталған қоғамдық бірлестікке «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» импорт және кәдеге жарату туралы ұсынысын негіздейтін есептерді, басқа елдерден Қазақстан Республикасының аумағына радиоактивтіу қалдықтарды тасымалдау, сондай-ақ мұндай операциялардан ел үшін қаржылық пайдасы жайлы ақпаратты ұсынбады. Қазақстан Республикасының соттары осындай дауларды қарау бойынша қанағаттандыратын шешім қабылдамады, сондықтан, ол халықаралық ұйымдарға жүгінуге негіз болды. Осы өтініштің негізінде Комитет шешім қабылдады, онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің назарына келесі фактілерге аударылсын деп көрсетілді:

- мемлекеттік органдардың Конвенцияның 4-бабының 1 және 2-

тармақтарының ережелерін сақтауын қамтамасыз етпеуі (экологиялық ақпаратқа қол жеткізу);

- үкіметтік емес ұйымның экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты шағымын ұзақ қарау рәсімі және қабылдаудан бас тартуы Конвенцияның 9-бабының 1-тармағын (сот төрелігіне қолжетімділік) сақтамауды білдіреді;

- мемлекеттік органдардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты міндеттемелеріне қатысты нақты реттеулер мен нұсқаулардың болмауы Конвенцияның 3-бабының 1-тармағына (жалпы ережелер) сәйкессіздікті білдіреді.

### **Қорытынды.**

Адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықты тиімді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді орындау бойынша одан әрі тиімді шаралар қабылдау қажет.

Осы шаралардың бірі қоғамдық экологиялық бақылау институтын күшейту болуы керек, ол тек заңнаманы жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы арттыруды, табиғатты қорғау ұйымдарының әлеуетін күшейтуді, құқық қорғау тетіктерін дамыту мен нығайтуды талап етеді.

Тиімді бақылаудың маңызды құрамдас бөлігі қоғамның өзінің табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуға дайындығы болып табылады, осыған байланысты мемлекет пен азаматтық қоғам экологиялық білім беруді дамытуға және халықтың адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқығын қорғау тәсілдері туралы хабардар етуге ерекше көңіл бөлуі керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Bonilla M.C., Fernandes E., Jemaiel S., Mwebaza K., Zhandayeva D. Environmental Law in Developing Countries. Selected Issues Vol II. // <https://portals.iucn.org/library/sites/library/files/documents/eplp-043-2.pdf>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
3. Savoskin A., Kozhevnikov O., Falkina T. Constitutional and legal framework of environmental rights of citizens in the Russian Federation /E3S Web of Conferences 291, 06010 (2021) // [https://www.researchgate.net/publication/367910119\\_Constitutional\\_and\\_legal\\_framework\\_of\\_environmental\\_rights\\_of\\_citizens\\_in\\_the\\_Russian\\_federation/fulltext/63dafce662d2a24f92e80626/Constitutional-and-legal-framework-of-environmental-rights-of-citizens-in-the-Russian-federation.pdf](https://www.researchgate.net/publication/367910119_Constitutional_and_legal_framework_of_environmental_rights_of_citizens_in_the_Russian_federation/fulltext/63dafce662d2a24f92e80626/Constitutional-and-legal-framework-of-environmental-rights-of-citizens-in-the-Russian-federation.pdf)

4. Қазақстан Республикасының Экология кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K210000400>
5. Аймагамбетова Ж.Р. Адамдардың каспий теңізі саласындағы конституциялық экологиялық құқықтарын қорғаудың құқықтық аспектілері // Қазіргі кезеңде қазақстандық полицияны жаңғырту аясында адам құқықтарын қорғаудың құқықтық аспектілері: Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (2022 жылғы 20 мамыр) 101-104 бб. // <http://dot.kostacademy.kz/bible/files/861512773.pdf>
6. Елюбаев Ж.С. Конституционное право граждан на благоприятную окружающую среду // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31626448&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31626448&pos=6;-106#pos=6;-106)
7. Исследование ПРООН: 80% казахстанцев готовы вносить личный вклад в решение проблемы изменения климата и помочь спасти планету // <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/issledovanie-proon-80-kazakhstancev-gotovy-vnosit-lichnyy-vklad-v-reshenie-problemy-izmeneniya-klimata-i-pomoch-spasti-planetu>
8. Могилюк С. Общественный экологический контроль в Казахстане. Пока со скрипом // <https://ecostan.rocks/publicenvcontrol>

### Reference

1. Bonilla M.C., Fernandes E., Jemaiel S., Mwebaza K., Zhandayeva D. Environmental Law in Developing Countries. Selected Issues Vol II. // <https://portals.iucn.org/library/sites/library/files/documents/eplp-043-2.pdf>
2. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
3. Savoskin A., Kozhevnikov O., Falkina T. Constitutional and legal framework of environmental rights of citizens in the Russian Federation /E3S Web of Conferences 291, 06010 (2021) // [https://www.researchgate.net/publication/367910119\\_Constitutional\\_and\\_legal\\_framework\\_of\\_environmental\\_rights\\_of\\_citizens\\_in\\_the\\_Russian\\_federation/fulltext/63dafce662d2a24f92e80626/Constitutional-and-legal-framework-of-environmental-rights-of-citizens-in-the-Russian-federation.pdf](https://www.researchgate.net/publication/367910119_Constitutional_and_legal_framework_of_environmental_rights_of_citizens_in_the_Russian_federation/fulltext/63dafce662d2a24f92e80626/Constitutional-and-legal-framework-of-environmental-rights-of-citizens-in-the-Russian-federation.pdf)
4. Kazakstan Respublikasynyn Ekologiya kodeksi. Kazakstan Respublikasynyn 2021 zhylgy 2 qantardagy № 400-VI KRZ Kodeksi. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K210000400>
5. Ajmagambetova ZH.R. Adamdardyn kaspий tenizi salasyndagy konstitutsiyalyk ehkologiyalyk kukyktaryn korgaudyn kukykytk aspektileri // Kazirgi kezende kazakstandyk politsiyany zhangyrtu ayasynda adam kukyktaryn korgaudyn kukykytk aspektileri: Kazakstan politsiyasynyn 30 zhyldygyna oraj uiymdastyrylgan respublikalyk gylymi-tazhiribelik konferentsiyasynyn materialdary (2022 zhylygy 20 mamyr) 101-104 bb. // <http://dot.kostacademy.kz/bible/files/861512773.pdf>
6. Elyubaev ZH.S. Konstitucionnoe pravo grazhdan na blagopriyatnyuyu okruzhayushchuyu sredu // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31626448&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31626448&pos=6;-106#pos=6;-106)
7. Issledovanie PROON: 80% kazahstancev gotovy vnosit' lichnyy vklad v reshenie problemy izmeneniya klimata i pomoch' spasti planetu // <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/issledovanie-proon-80-kazakhstancev-gotovy-vnosit-lichnyy-vklad-v-reshenie-problemy-izmeneniya-klimata-i-pomoch-spasti-planetu>
8. Mogilyuk S. Obschestvennyy ekologicheskiy kontrol' v Kazahstane. Poka so skripom // <https://ecostan.rocks/publicenvcontrol>

### Авторлар туралы мәлімет/Сведение об авторах/Information about the authors

**Қаражанов Малик Дулатович** - құқық бойыша философия докторы (PhD), «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедра доценті, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Астана қ, Қазақстан Республикасы

**Сыздықов Алмаз Жақсыбекович** – құқық бойыша философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Астана қ, Қазақстан Республикасы

**Сүлейменова Ажар Дулатовна** – бас инспектор, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Астана қ, Қазақстан Республикасы  
e-mail: karazanov\_1982@mail.ru

**Қаражанов Малик Дулатович** - доктор философии по праву (PhD), доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин УО «Alikhan Bokeikhan University», Национальный центр по правам человека г.Астана, Республика Казахстан.

**Сыздықов Алмаз Жақсыбекович** - доктор философии по праву (PhD), ассоциированный профессор, Национальный центр по правам человека г.Астана, Республика Казахстан.

**Сүлейменова Ажар Дулатовна** – главный инспектор, Национальный центр по правам человека г.Астана, Республика Казахстан.  
e-mail: karazanov\_1982@mail.ru

**Karazhanov Malik Dulatovich** - Doctor of Philosophy in Law (PhD), Associate Professor, Department of Criminal Law, «Alikhan Bokeikhan University», National Center for Human Rights, Astana, Republic of Kazakhstan.

**Sydykov Almaz Zhaksybekovich** - Doctor of Philosophy in Law (PhD), Associate Professor, National Center for Human Rights, Astana, Republic of Kazakhstan.

**Suleimenova Azhar Dulatovna** - Chief Inspector, National Center for Human Rights, Astana, Republic of Kazakhstan.

e-mail: karazanov\_1982@mail.ru